



# ҚАЛБА ТЫНЫСЫ

№ 21 (9434) Жұма, 29 мамыр 2026 жыл

Газет 1934 жылдан бастап шығады

Соңғы қоңырау үні

Соңғы қоңырау – тек оқу жылының аяқталғанын білдіретін белгі емес. Бұл – он бір жыл бойы білім нәрімен сусындатып, тұлға болып қалыптасуға жол ашқан қара шаңыраққа деген құрмет пен қиастықтың белгісі. Тұңғыш рет мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіннен, бүгін елінің ертеңіне айналар саналы азамат болып шығу – үлкен мектеп ұжымының, аяулы ұстаздар мен ардақты ата-ананың бірлескен еңбегінің жемісі. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев мектеп табалдырығын алғаш атаған бүлдіршіндер туралы бір өлеңінде «тарыдай болып кіресің, таудай болып шығасың» деп тауып айтқан. Сөйткен он бір жыл артта қалып, көкірек толы арманмен биыл жас түлектер мектеп бітірді. Жарма ауданындағы барлық мектептерде мектеп бітіруші түлектерге арналған салтанатты шаралар өтті. Қалбатау ауылындағы Маяковский орта мектебінде өткен мерекелік салтанатты кешке аудан әкімінің міндетін атқарушы Берік Терлікбаев қатысып, жас түлектерге жарқын болашақ тіледі.

– Биылғы оқу жылы ауданымызда жалпы 6128 оқушы білім алды. Олардың ішінде 9- сыныпты – 615 оқушы, 11- сыныпты 395 түлек аяқтап отыр. 39 мектеп бітіруші «Алтын белгі» иегері атануға, ал 25 үміткер үздік аттестат алуға үміткер. Бұл көрсеткіштер – білімге деген құштарлықтың, еңбек пен табандылықтың белгісі. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы «Мектеп – білім мен тәлім – тәрбиенің киелі ордасы. Өскелең ұрпақты білімпаздыққа баулу қаншалықты маңызды болса, оларға дұрыс жол көрсету, бағдар беру де соншалықты маңызды. Біз жастардың адал әрі еңбекқор болып өсуіне ерекше мән беруіміз қажет» деген болатын. Жауапкершілігі жоғары әрі қастерлі міндетті абыроймен атқарып жүрген барша ұстаздар қауымын оқу жылының аяқталуымен құттықтай отырып, жас түлектерге қанаттарыңыз талмай, бейбіт еліміздің көгінде шарықтап, ата-аналарыңыздың үмітін ақтауларыңызға тілектеспін. Әрдайым жолдарыңыз ашық болып, арман-мақсаттарыңызға жете беріңіздер, – деді Берік Серікқанұлы.

Мерекелік шарада 11-сыныптың түлектері құттықтау сөз сөйлеп, сынып жетекшілері соңғы қоңырауды соқты. Одан соң жас түлектер мектеп алаңында вальс билеп, ән шырқап, ұстаздарымен қоштасты.

Жалпы жас түлектердің аудандағы мектеп бітіру кештеріне аудан әкімінің орынбасарлары, кент, қала және ауылдық округ әкімдерінің қатысуымен салтанатты шаралар ұйымдастырылды. «Мұғалім – мектептің жүрегі» демекші, әр шәкірттің бойына адамгершілік нәрін егіп, білім шыңына жетелеген ұстаздардың еңбегі өлшеусіз. Түлектердің бүгінгі жетістігі – мұғалімдердің төзімі мен шексіз махаббатының көрінісі. Мектеппен қоштасу – балалық шақпен қоштасу болғанымен, бұл үлкен армандардың орындалатын шағының бастауы.

Алда үлкен сынақ – Ұлттық бірыңғай тестілеу мен мамандық таңдау кезеңі тұр. Осы сынақтардан сүрінбей өтіп, қалаған оқу орындарының талапкері, өзі қалаған мамандықтың мықты маманы болуына біз де сәттілік тіледік.

**К.Шынбат.**

## ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ



### Kaspi QR

Жазылым үшін ақысын төлеу  
Оплата за подписку



«Қалба тынысы» газеті  
Газета «Қалба тынысы»



kalba\_tynysy



kalba\_tynysy



@rv\_media2@mail.ru



8-723-47-6-26-99



Әкімдік отырысы өтті. Дүйсенбі күні аудан әкімінің міндетін атқарушы Берік Терлікбаевтың төрағалығымен әкімдік отырысы өтті. Жиын барысында күн тәртібінде бірнеше мәселелер қаралды. Атап айтар болсақ, өрт қауіпсіздігі, балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысы, қалдықтарды басқару және экологиялық бағдарламалар сынды мәселелер. Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе “2026 жылдың өрт қауіпті маусымына дайындық” барысы туралы аудан әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Қайрат Куяспаевтың баяндама жасады. Сондай-ақ, Төтенше жағдайлар бөлімі бастығының міндетін атқарушы Дидар Мейрамбекұлы Зейнолдин қосымша ақпарат берді. Жиында 2026 жылдың жаз маусымындағы өрт қауіпсіздігінің алдын алуға дайындық жұмыстары талқыланып, өңірдің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы ауқымды жұмыстар жоспарланды. Келесі кезекте, балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастыру барысы туралы білім бөлімінің басшысы Ақзамов Данияр Тоқанұлы баяндамасын ұсынды. Бұған қосымша санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Аймерек Айтжанқызы Жалелова ақпарат берді. Жалпы жаз маусымындағы балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысы, сауықтыру және жұмыспен қамту мәселелері көтеріліп, жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау басты назарда болатыны баса айтылды. Сонымен қатар, Аймерек Айтжанқызы өндіріс және тұтыну қалдықтарын

басқару барысы туралы және тұрғын үй-коммуналды шаруашылық, жолаушы тасымалдау көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы Сержан Төлеубекұлы да қосымша ақпаратты жиынға қатысушылар назарына ұсынды. Жиында көтерілген бұл мәселе бойынша қалдықтарды жинау, пайдалану, залалсыздандыру, тасымалдау және сақтау бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптар талқыланып, ұсыныстар айтылды. Еліміздегі “Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында Қалбатау ауылдық округінің әкімі Қанат Рақыжанов және Шар қаласының әкімі Эрдос Мурумбаев аталған елді мекендердегі жүргізілген сенбілік жұмыстары жайында, жалпы қоршаған ортаны қорғау және экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында қолға алынған жұмыстар туралы қысқаша есеп берді. Жиын қорытындысында атқарылатын жұмыстар тұрақты бақылауда болатыны айтылып, берілген тапсырмаларды сапалы әрі мерзімінде орындау барлық жауапты мекемелер мен сала басшыларына міндеттелді. Кәусар Арықханқызы.

21 мамыр – еліміздің рухани қазынасын байытып, мәдени мұрамызды көздің қарашығындай сақтап, оны болашақ ұрпаққа аманаттап жүрген шығармашылық иелерінің төл мерекесі. Мәдениет – халықтың болмысын, тарихын, салт-дәстүрі мен рухани құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін алтын көпір. Мәдениет саласының мамандары – қоғамның рухани дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген жандар. Олар ұлттық өнерді дәріптеп, төл тарихымыз бен дәстүрімізді насихаттау арқылы елдің рухани тұтастығын нығайтуға қызмет етіп келеді.

Таяуда «Абай елі – өнер кеніші» атты облыстық көркемөнерпаздар байқауының қорытындысы бойынша аудандар арасында 2-орынға ие болған Жарма ауданының Мәдениет үйіне толық қамтылған музыкалық аппаратураны облыс әкімі Берік Уәли салтанатты кеште табыс еткені белгілі.

Айтулы мереке қарсаңында аудан әкімінің міндетін атқарушы Берік Терлікбаев өңірдің мәдениет майталмандарын мерекелерімен құттықтай отырып, жұлделі 2-орыннан көрінген өңірдің өнерпаздарына құрмет көрсетті. Ауданның мәдениет саласының дамуына сүбелі үлес қосып, марапат төрінен көрініп жүрген өнер иелеріне мерекелік ақ тілектер айтылып, еңбектеріне шығармашылық табыс тіледі. Ұлттық өнері мен мәдениетін өркендетіп, халықтың рухани дүниесін байыту жолында аянбай еңбек етіп жүрген мәдениет қызметкерлері қандай құрметке лайық екені сөзсіз.

Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, рухани мұрамызды кейінгі ұрпаққа жеткізу жолында зор еңбек етіп жүрген ауданның мәдениет қызметкерлері қашанда жармалықтардың ыстық ықыласына бөленіп, өнердің биік тұғырынан көрініп жүр. Жарма топырағында мәдениет пен өнердің орны қашанда ерекше.

Ал апта басында әрбір ауылдық округтің өнерлі өнерпаздары бақ сынаған «Жарма елі – өнер кеніші» аудандық көркемөнерпаздар байқауының қорытынды концерті Мәдениет сарайында өтті. Мәдени шараға көркемөнерпаздар байқауының аудандық кезеңіне іріктеуі барысында үздіктер қатарынан көрінген өңірдің ауыл, қала, кентінен келген өнерпаздар қатысты.

Өнердің кенішінде таланттарын танытып жүрген аудандық көркемөнерпаздар байқауының жеңімпаздарын аудан әкімінің міндетін атқарушы Берік Терлікбаев салтанатты түрде марапаттады.

Аудандық байқау қорытындысы бойынша жүлдегерлер қатарынан көрінген жеңімпаз өнерлі ауылдық округтің өнерпаздары ұйымдастырушылар тарапынан қаржылай сыйлықпен марапатталды. Атап айтар болсақ, 1-орынды Шар қаласынан келген өнерпаздар иеленіп, үш жүз мың теңгелік қаржылай сыйлық алды. 2-орынды Үшбіік, Аршалы, Қапанбұлақ ауылдық округтерінің атынан қатысқан өнерпаздар еншілеп, екі жүз мың теңгеге ие болды. 3-орынды Қаратөбе, Бірлікшіл ауылдық округі алып, оларға жүз мың теңге табыс етілді. Ал өнер додасына қатысуға белсенділік танытқан бірқатар округ әкімдері мен мектеп директорлары Алғыс хаттармен марапатталды.

Өнер мен мәдениетті ұлықтаған тағылымды кеш өңір өнерпаздарының талантын тағы бір қырынан танытып, ұлттық өнердің ұлықтаған шығармашылық өнер байқауына көрермендер ризашылықтарын білдірді.

Кәусар Арықханқызы.

## Өшпейтін іс, өлмейтін есім

Бір құдіретті күштің бары анық. 2025 жылдың соңы мен 2026 жылдың бірінші тоқсанында қолыма туған ауылым Қызылшілік туралы кітаптар кезек-кезек тиді. Біріншісі - Талас Гүлнұр Қайырқызының жазған «Биік тұлға» атты шығармасы өлкеміздің атақты, білімді, ұзақ жыл Шар ауданының білім бөлімін басқарған Жағыпар Орынбаев туралы, әрі кітап кейіпкерінің еңбек еткен жылдарындағы қолжазбаларының да осы кітапқа анық еніп, сол арқылы ауылымның басынан өткен қилы-қилы тағдырларын танып, тарихи сырларымен танысып, көңілді жерлерінде жырғап (мәз болып), қиын-қыстау оқиғаларын оқығанда көңілім босап, жылап отырып оқыдым, өткен күннің белгілерін тайға таңба басқандай етіп, өлкеміздің өмірін кейінгі ұрпаққа: «Біліңдер, есте сақтаңдар» - дегендей жазып кеткен екен ...

Кітап менің қолыма «Божығұр» ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Құрманғали Бұқаров арқылы кездейсоқ тиді. Жағыпар Орынбаевтай ұлы тұлға кезінде білімді бағалап, шопандар бригадасына баратын оқушылардың құрамынан қалдырып, ұстаздық тұсауымды кескен тұлға, мен арқылы талай оқушының әдебиетке деген ынта, бейім, пейілі оянды. Ол да байқампаз тұлғаның байыпты қасиетінің бір ерекшелігі, болашақты ойлағаны екен. Естеліктерінде ежелден ел тәуелсіздігі үшін күрескен Абылай, Қабанбай, Бөгенбайлар туралы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ауыл өмірі, оның алдында болған зұлмат жылдыр, саяси қуғын сүргінге ұшыраған халқымыздың сүт бетіндегі қаймақтары туралы еске алып, естігенін, есіндегісін, кішкентай ғана Қызылшілік ауылындағы зобалаң жылдардағы оқиғаны да естуі бойынша іздестіріп, естелік етіп жазған. Жай естігенін жазу емес, еліміздің елеулі адамына байланысты, оған жасалған қастандыққа өзегінің өртенгенін байқадым, кітаптан үзінді келтірейін: «Әкімшіл-әміршіл сталиндік қуғын - сүргін заманда «халық жауы» деген жала жабылып, есімдері халық санасынан өшуге айналған халқымыздың біртуар ұлдарының бірі Әзімбай атын мен алғаш рет әкемің аузынан 1943 жылдарда естідім, - дейді Жағыпар аға, әрине, ол кезде «халық жауы» аталған Әзімбай жөнінде сөз айтудың өзі қауіпті болатын. Соңғы жылдарға дейін мен Әзімбай туралы бар білгенім осы еді. Әзімбай тұтқынға алынар алдында туған ауылы Қызылшілікке келіп кеткен. Ол кезде Қызылшілік сайдың тасындай азаматтары көп іргелі ел болған. Алыстан ел-жұртың, Делбегетей бауырын сағынып, Әзімбайдай ардақты ұлы келгенде үйінде кім көсіліп жатады, бүкіл ауыл құшағын жая Әзімбайға сәлемдесуге келеді. Өзекеңмен әңгімелесіп, ауыл іргесіндегі көкмайсада отырып, ас ішіп, сусындап, көңілдерін бір көтеріп қалады. Ол елден аттанған соң, кешікпей тұтқынға алыныпты. Осы суық хабар сұр жылындай болып елге жетеді. Адам тағдыры эзеділдің бір ауыз сөзімен шешіліп жатқан сол бір зұлмат заманда ел ішіндегі сұм-сұрқиялар да қарап жатпаған ғой. Сондайлардың біреуі ауылдағы бетке шығар азаматтардың бәрине ойдан шығарып жала жауып, Әзімбайдың жақтастары, шпиондары мен зиянкестер, Совет өкіметінің қас-жаулары деп, ауылдың он үш азаматын тізімдеп НКВД-ға хат жазады. Қайран ақ ниетті аңқау қазағым-ай, сол тізімде аталғанның бірі почта тасушы Байдалы әлгі хаттың күдікті екенін білсе де, жібермей қоюға заңнан қорқып, өзімен қоса 13 азаматтың түбіне жеткен сол хат бар почтаны өз қолымен Делбегетей станциясындағы почта бөлімшесіне апарып өткізеді. Байдалы ауылдан станцияға аттанарда әйеліне осындай бір күдікті хатты әкетіп барамын, апармауға қорқамын, осыны еттеп Орынбайға жеткізерсің деген екен. Орынбай мұны ести сала бір сенімді жігітті Делбегетейге шұғыл түрде аттандырады. Оған Байдалыны қуып жетіп, күдікті хатты мұнда алып кел деп тапсырады. Әлгі жігіт атты қансорпа ғып Делбегетейге жеткенде, Байдалы почтаны жаңа ғана өткізіп тұр екен. Почтаның бастығынан күдікті хатты кері сұрап алуға бағылдары жетпейді. Өйткені заман солай. Осыдан көп ұзамай, 1938 жылдың қаңтарында НКВД-ның бір топ жандеттері келіп, ай-шайға қарапай 13 азаматты көгендеген қозыдай тізіп айдап әкетеді. Ол жігіттер мыналар: 1.Лекерев Байжұман – Әзімбайдың туған ағасы, сельПО-ның есепшісі, 2.Лекерев Орсай – Әзімбаймен әкесі бір, шешесі бөлек, колхозшы, 3.Жабықбаев Жұмақожа – Асқаралы колхозының есепшісі, 4.Әлжанов Сағаді – колхозшы, 5.Кебекбаев Байдалы – почта тасушы, 6.Қасенов Садуақас – колхозшы, 7.Қысыков Мағауия – гимназия бітірген, ауылдағы дүкеннің сатушысы, 8.Мендібаев Бүркітбай -колхозшы, 9.Мендібаев Оразхан – колхоз бригадирі, 10.Мұштаримов Халел – Мұрат ауылдық кеңесінің төрағасы, 11.Нұрқенов Жанғазы – колхозшы, 12.Нұрқенов Хамза – колхозшы, 13.Смайылов Бектоғай – колхозшы. Бұлардың бәрі қазір ақталған. Аман не, қыршын азаматтар сұм-сұрқияның жапқан жаласымен, үштіктің үкімімен 1938 жылдың ақпанында Әзімбай Алматыда атылған кезде бұлар Семейде атылып кеткен. (Биік тұлға кітабынан 233, 235, 245, 246 беттер).

Көп жылдардан соң, яғни, Әзімбай Лекеревтің 90 жасқа толу қарсаңында іздеушілері көбейеді, мәліметтер ізделеді, білетіндерден сұралады, жары Халидамен қыздары Айседора (әкесінен 4 жасында қалса да әкесі туралы еміс-еміс есінде) және Альфияға жолығып, сұхбаттасады, осылайша, Әзімбай Лекерев туралы көптеген баспа беттерінде, мақалалар жарық көреді. 90 жылдықтан соң полковник Шаймардан Қалиақпаровтың «Жоспармен жойылған тұлға» атты үш томдық деректі романы жарық көріп, 37 жыл ғана өмір сүрген Алаштың ардақты азаматы Әзімбай Лекеревтің

бүкіл өмірбаяны, әкімшіл-әміршіл жүйенің жалған саяси айыптауларының құрбаны болған тұлғаның өмір жолы арқау болады.

Деректі романдағы Әзімбай Лекерев кім? Халқын жанымен сүйген ардақты азамат, Мәскеуден білім алған, қазақтан шыққан тұңғыш жоспарлаушы – экономист, Қазақстанның алғашқы бесжылдық жоспарын құрушы, профессор, ғалым, қоғам қайраткері, КСРО Жоғары Кеңесінің, Қазақ коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық комитетінің мүшесі, қазақ интеллигенциясының бетке ұстарларының бірі, аудармашы, әдебиет сыншысы. Осы аз өмірінде Қазақстанның дамуына өлшеусіз үлес қосып, елжандылығымен, Отан үшін дүниеге келіп, Отан үшін жазықсыз жанын қиған аяулы жан. Деректі романның авторы Шаймардан Қалиақпаровтың да Әзімбай Лекерев туылған өлкеден екені сол өлкенің адамдары мен табиғатын суреттеуінен анық байқалады, ойыма М.Мақатаевтың

«Таныс өлке,

Таныс аймақ,

Таныс маң» - деген тармақтары оралады, Қызылшілік ауылының, оның маңайындағы жерлердің әсем табиғаты тамаша суреттелген, ол ең басында аталған Жағыпар аға шығармасында да бар, өйткені ауыл маңы шынымен дәл сондай көрікті, айнадай жарқырап, Әлжан көлі де көрінеді (Әлжан қажының атымен аталған). Әлжан қажы мен Хасен қажы бірге туған, ағалы-інілі. Мен Хасен қажының немересі Солтанғазы атамнан туған қыздың қызымын.

«Жоспармен жойылған тұлға» кітабындағы аттары аталған көп кейіпкерлердің бірі Қабдеш Байжұменов ағаны бала кезімде көзім көрді. Бір ауылдың адамдары бір-бірімен туысып кетеді ғой, бірімен қаны туысса, бірімен жаны туысып ... менің анамды «апай» деп жақын тартатын, «мен анамның 40 тас асып, 50 – ге аяқ басқан кезінде, әкемінің 50 – ден асып 60-ты алқымдаған шағында туған кенже баламын»....

Кітапта айтылғандай «Бұлақ» ауылынан ауылға қайта оралған кезі болса керек ... бұрын кішкентай кезімде көрмегенмін, көрген кезім сол 6-7-сынып оқып жүрген шағым. Әңгімелесіп отырғанда мына бір сөзін құлағым шалғаны бар: «Арманда кетті ғой арманда, жазықсыз еді, жазықсыз, қолыңнан келетіні соңында қалған, әкі баласы мен жеңгеме көмектесіп тұру», бұл кез 60 жылдардың соңы, осы сөз ойымда тасқа басылған таңбадай қалып қойыпты, бірақ Әзімбай Лекерев туралы көп естімеппін, қазір ойлап отырсам, үрейлі ел атын да атай бермейді екен-ау деген ой келеді, Қабдеш ағаның әңгімесін 60 - жылдардың соңында естісем, аулымыздың ардақтысы мен дүниеге келгеннен кейінгі 2 жылдан соң ақталған екен, яғни бұл 1957 жыл.

Мақтауға тұратын ұлын даттаған елден не сұрайсың? ! Осындайда азап шеккен Алаштың абыз ұлының бірі, айтулы азаматы Ахмет Байтұрсынұовтың:

«Қинамайды дарға асқаны, атқаны,

Қинамайды абақтыда жатқаны.

Маған қиын осылардың бәрінен,

Өз ауылымның иттері үріп қапқаны» өлені оралады. Көзі қиып қандай адам жала жауып, күйе жақты екен?!

Көз алдынан ауыл үйлерін, онда тұрған адамдарды өткіздім, ешкімді замандыққа қимаймын ... мүмкін көшіп кеткен болды ма екендеп те ойлаймын .... Ал өзім қазір: «Мен профессор Әзімбай Лекерев туған ауылданмын», - деп мақтанышпен айтамын .... Саяси қуғын-сүргіннің құрбаны деп айтуға неге екенін ауызым бармайды, азапты оялардан аулақ болғым келеді-ау деймін ... Өткен ғасырдың 90 жылдарында ғана баспа беттерінен мәлімет алдық .... Әзімбай Лекеревтің алғаш Қарасу кеңсінде 90 жылдық мерейтойы аталып өтіп, сол кезде жас ұстаз, жас маман Ерлан Абдуллин өмірбаянымен танысып, шағын ауылдан шыққан, кезіндегі даңқты адамның білімі мен еңбегінің зор екенін, адамгершілік қасиетінің мол екенін пайымдап, 90 жылдық

тойдың қарсаңында жерлес ағасының, халқымыздың біртуар ұлының құрметіне баскетболдан оқушылар арасында аудандық жарыс ұйымдастырады. Қазақ қайраткерінің тойына қос қызы қатысып, Қызылшіліктен үш шақырым жердегі Асқаралы орталау мектебіне Әзімбай Лекеревтің аты беріліп, алғашқы үлкен шара 1991 жылы өтіпті. 1995 жылы Ерлан Абдуллин мектеп директоры қызметіне тағайындалып, Ә. Лекеревтің 100 жылдық тойына ыждаһаттылықпен дайындық жасап, бір жарым жыл бұрын құрылған жоспар бойынша ұжыммен ақылдасып, жасы үлкен ұстаздардың қолдауы жігер беріп, оларға жас ұстаздар еріп, 2001 жылы 29 қыркүйекке жоспарлап, алдын ала 2000 жылы 15 желтоқсанда Алматыға барып, отбасы мүшелерімен кездеседі, Мерейтой иесінің жары Халида Елжебаева (ерлі-зайыптылардың жас айырмашылығы 14 жас), 6 жыл ғана отасқан адам, өмірін жарына деген адалдықпен өткізеді, қыздары Айседора мен Альфияны оқытады, Әзімбай Лекеревтің атына дақ түсірмей, тек жоғары өрлетеді. Атақты тұлғаның туы жығылмай, өзі жоқ болса да, өмірі жарқын естеліктермен жалғаса берді, әрине бұған отбасының еңбегі өте көп.

... Ә. Лекеревтің мүсінін жасату үшін Ерлан Абдуллин Семей қаласындағы суретшілер одағының шеберханасына тапсырыс беріп, сол кезде қомақты қаржы жүз мың теңге жұмсайды, Қарасу округіне қарасты шаруа қожалықтары да, жеке адамдар да көмек қолын созады, «қалауын тапса қар жанады» деген осы. Мерейтой ойдағыдай өтіп, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі, отставкадағы полковник Шаймардан Қалиақпаров баяндама жасап, мүсін қойылып, мектепте мұражай ашылады, тойға ауыл адамдарымен бірге арнайы шақырылған қонақтар қатысады. Одан бері де ширек ғасыр өтті. Ерлан Абдуллин әлі азаматқа лайық істерді, қоғам қайраткеріне деген құрметті, ел ардақтысына арналған абыройлы істі тоқтаусыз жалғастыруда, екі педагогикалық мамандығы бар Ерекең кейде спорттық шаралар өткізсе, кейде тарихи маңызы зор қазақ тарихында терең із қалдырған Әзімбай Лекерев сияқты азаматты еш есінен шығарған емес, сол округте мектеп директоры болды, округ әкімі болды, қазір Шар қаласында ұстаз, бастаған ісін тастаған емес .... Азаматтың ісі адамды разы етеді.

... Алпысыншы жылдары-ақ, Қарасудың бөлімшелері болған, бір кездері көлемді ауыл болған, егіз баладай қатар аталатын Қызылшілік, Асқаралы ауылдары азайған, Ә. Лекерев атындағы мектеп те жабылған. Азайған дейміз-ау, ағалар шығармалдарында жазылғандай көркем бейнелі Қызылшілік ауылы мүлде құрыған, аты бар да, заты жоқ, осындағы соңғы шаруа қожалығын басқа ауданнан келген адам сатып алып, мал шаруашылығымен айналысуда.

Ұстаз Е. К. Абдуллиннің мақсаты Ә. Лекерев есімі бірте-бірте санадан өшіп, ұмыт болмаса деген – ой. Келешек ұрпақ кемел тұлғаны қиын замандағы қилы тағдырлы жанның көрген қияметін келесі ұрпақ көрмесе екен, бұл менің де ой – пікірім. Ұстаздық деген – ұлы жол. Ұлы жолдағы ұлыларды ұмытпайтын да, ұмыттырмайтын да ұстаздар көбейе берсін. Бір кездері Ломоносов атындағы сегізжылдық мектептің, кейіннен бастауыш мектеп болған, орны ғана бар, қателеспесем, жанында биік өскен, тамыры тереңдеген жеті ағаш бар еді. (терек-ау деймін) маңынан бір-екі рет өткенде әлі де тұрғанын байқадым .... Даңқты жерлесіміз саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болған Әзімбай Лекеревтің істері де жапырақ жайып, тамыры тереңге кеткен осы теректер тәрізді ....

**Жұмбақыт Толышқызы Рахметова, ардагер ұстаз  
Жарма ауданының құрметті азаматы,  
ҚР Мәдениет саласының үздігі,  
ҚР «Ерен еңбегі үшін», «Білім саласын дамытуға  
қосқан үлесі үшін», «Жарма ауданына сіңірген  
еңбегі үшін» медальдерінің иегері.**

ЕРЕКШЕ САБАҚТАН  
АЛҒАН ӘСЕРІМІЗ5-сынып оқушысы  
Баярыс Кәусар

Әдебиет сабағы – мен үшін ең қызықты әрі ерекше пәндердің бірі. Бұл сабақта біз тек өлең мен әңгімені оқып қана қоймай, кейіпкерлердің жан дүниесін түсініп, өмірдің түрлі қырларын танимыз. Биылғы жылы біз жаңа қазақ әдебиеті деген пәнмен танысып оқу бастадық. Әдебиет адамды ойлануға, сезінуге, жақсы мен жаманды ажыратуға үйретеді. Сондықтан әр әдебиет сабағы менің жүрегімде ерекше әсер қалдырады. Сондай бір ерекше сабақтардың бірінде пән мұғаліміз Нүрәлуәт Ақыштың “Нағыз әже қайда?” әңгімесін таныстырды.

Үйге келіп әңгімені толық аса қызығушылықпен оқып шықтым. Мектепке барған соң барлық сыныптастарым мұғалімге “Неге Азат қыздары Ая мен Райханға нағыз әжені тауып бере алмады?” деген сұрақ қоя бастады. Ұстазымыз Гульназ Ернатовна сәл ойлансып “Онда біз өзіміз нағыз әжені сабағымызға қонаққа шақырайық” деп

ой салды. Содан сыныптағы Серікжан Нұрасылдың әжесі Тұлебаева Каламакасты сабағымызға қонаққа шақырдық. Кездесу сабағын барлық оқушы асыға күттік. Сол сәт те жетті. Есіктен басында кимешегі бар, үстінде қазақи оюлы желеткесі бар, қолында жіп иіретін ұршығы бар әже кіріп келгенде барлығымыз зор қуанышпен қарсы алдық. Әңгімедегі Азаттың қыздарына көрсетемін деген өзінің нағыз әжесі біздің сабағымызға келді. Барлығымыз әжені зор қошеметпен қарсы алып, ортамызға отырғыздық. Өзіміздің үйден дайындап келген әже туралы өлеңдерімізді, мақал-мәтелдерімізді айтып бердік. Әжеміден ерте кезде әжелеріміз киген кимешек пен ұршық, мәсі туралы мол ақпараттар біздік. Ұстазымыз қазақ әдебиетіндегі ақын-жазушылар мен ғұламаларды тәрбиелеген әжелері туралы мәселен, Абайдың әжесі Зере, Шоқанның әжесі Айғаным, Мұқағалидің әжесі Тиін, Бауыржанның әжесі Қызтумас және тағы басқа да мол ақпараттармен таныстырды.

Әжемізге түрлі қызықты сұрақтар қойдық. Қарақат Әбдідинаның “Ғасыр әжем” әнін орындап бердік. Сабақ соңында әжеміз өзінің жылы лебізі мен батасын беріп, бізге тәттілерін беріп қантты. Сабақтың сондай қызық өткені Әжемізбен қимай-қимай қоштасып шығарып салдық. Сабақтан кейін барлығымыз қуанып өз ойымызды ортаға салып, сондай ерекше сезіммен үйге қаттық. Ұстазымыз осындай есте қаларлық қызықты, ерекше сабақтардың жиі өткізіліп тұрса деген өтініш айттық. Біздің сабаққа деген қызығушылығымыз бен мол ақпараттар бергені үшін мұғалімімізге мол алғысымызды білдіреміз.

ҒҰМЫРЫ  
ҮЛГІ ҰРПАҒЫНА5-сынып оқушысы  
Толуханова Айзера

Бүгінгі өсіп келе жатқан жас ұрпақ өткенін ұмытпай, бүгінгі келешекке жалғап отырса еліміздің дамуы өз үлесін қосар саналы ұрпақ болып өседі. Осы орайда мен әр кез әжесі мен анасының саналы ғұмырын өз ұрпағына үлгі етіп айтып отыратын апам Сембинова Айгүлдің әжесі Сембинов Жансейіт пен анасы Сыдықова Жамет туралы ой толғасам деймін.

Ерте есейіп еңбекке ерте араласқан саналы ғұмырын ұстаздық жолына арнаған Жамет әжеміз 1920 жылы Жарманың қасиетті мекені, үш әулиге мекен болған Ортабұлақ ауылында дүниеге келген. Ауылда жетіжылдық білім алып, Семейдің мұғалімдер даярлайтын педучилищесіне түседі. Оқуын ойдағыдай аяқтап, өз туған ауылына келіп алғашқы еңбек жолын бастайды. Еңбекке ерте араласқан әжеміз қандай жұмыс болмасын қиындығына төзіп, соғыс кезінде де ауылда ауыл балаларына сабақ бере жүріп, колхоздың да жұмысына араласты. Таңның атысы, күннің бағысына қарамай, күн-түн демей бірнеше қызметті қатар ала жүріпті.

Ауылдағы соғысқа кеткен азаматтардың барлық қызметтерін белдерін жазбастан өздері “біз әйелдерміз, біз нәзік жанды” демей жұмыс істепті.

Ортабұлақ ауылында қаншама мыңдаған балаға алғаш әріп танытып, үлкен өмірге аттандыратын әжеміз Жамет қырық жылғы ғұмырын осы білім саласына арнаған екен. Зейнеткерлікке шыққаннан соң да, сол мектепте бірнеше жыл сабақ беріпті. Қаншама шәкірттерінің арасына түрлі маман иелері қазіргі таңда зейнеткерлікке шығып, алғаш білім берген ұстаздарын әлі күнге дейін естеріне алып отырады. Ауған соғысында қаза тапқан ағамыз Мұхтар Оспанов та осы әжеміден білім алған екен. Әжеміз 1994 жылы өмірден озған екен.

Атамыз Сембинов Жансейіт 1910 жылы дүниеге келген. Балалық шағы қиын-қыстау кезеңмен тұспа-тұс келген атамыз ерте есейіп, еңбек жолын ерте бастаған. Ұлы Отан соғысына 1942 жылы аттанып, 1945 жылы денесіне бірнеше жерден оқ тиіп, қолынан жараланып оралды. Соғыстан келгеннен күннен бір күн де дем алмастан соғыстан кейінгі ауылды көтеру үшін Сталин колхозында есепші болып қызмет атқарды. Атамыздан балалары соғыс туралы сұрағанда ешнәрсе айтпай, тек “сендер соғыс көрмеңдер, бейбітшілік өмірдің рахатын көріңдер” деп қана айтатын деп апам еске алады. Тек бір рет қана ит тұмсығы өтпейтін қалың орманда қан кешіп аса қиындықпен соғысқандарын ғана айтқан екен. Жансейіт атамыз 1971 жылы дүниеден өткен. Атам мен әжеміз екі ұл мен екі қыз тәрбиелеп өсірді, олар әр түрлі салада қызмет атқарып қазіргі таңда зейнеткерлікке шыққан.

Өскелең ұрпаққа өткенімізді білу - парыз, ал оны келешекке жеткізу - міндет. Сондықтан біз, осындай аталарымыз бен әжелеріміздің ерлік пен еңбекке толы өмірінен үлгі алып саналы ұрпақ болып еліміздің дамуына өз үлесімізді қоса білейік.

## АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Ауылшаруашылық малдарын бірдейлендіруден  
өткізу және ветеринариялық паспорт алу тәртібі туралы

Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңының 25-бабында көрсетілген талаптары бойынша. Жеке және заңды тұлғалардың жануарлар ауруларының, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардың алдын алу жөніндегі міндеттері

Жеке және заңды тұлғалар:

5) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз етуге;

7) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларына уақтылы вакцина етуге және олардың диагностикасын қамтамасыз етуге;

12) ветеринария саласындағы мамандардың ветеринариялық іс-шаралар өткізу бойынша қызметтік міндеттерін орындау кезінде оларға жәрдем көрсетуге;

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің

2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығына сәйкес

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруден өткізу мақсаты диагностикалық зерттеулер нәтижелерін және оны аса қауіпті адамдармен жануарларға ортақ ауруларға қарсы ветеринариялық дауалау туралы деректерді, сондай-ақ жануардың иесі туралы деректерді жануардың жеке нөмірін АЖБ дерекқорына енгізу.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруден өткізу принциптері

ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру-дерекқорға ауыл шаруашылығы жануары туралы мәліметтерді енгізе отырып және ветеринариялық паспорт бере отырып, бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) пайдалану, таңбалау арқылы жануарларға жеке нөмір беруді қамтитын жануарларды есепке алу жұмысы болып табылады.

ІҚМ, ҰММ, Түйе, Шошқаларға тағылған алайда әр түрлі жағдайларға байланысты жарамсыз болған, не жоғалған биркаларды ауыстыру жұмыстары мал иесі есебінен жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруден өткізу тәртібі Жеке тұлғаларға тиесілі ауыл шаруашылығы жануарларының төлдерін бірдейлендіруден өткізу белгіленген жасқа жеткенге үш жұмыс күнінен кем емес уақыт қалғанда, ауыл шаруашылығы жануарларының иелері берген арыздың негізінде жүзеге асырылды.

Ауыл шаруашылығы жануарларының төлі мынадай жасқа жеткен күнінен бастап он төрт жұмыс күнінен кешіктірмей бірдейлендіруден өткізілуі қажет:

бұзаулар, козылар, лақтар, боталар – туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін;

құлындар – төрт айлық жасынан бастап (таңбалаудан), туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін (чиптеуден);

32. Ауыл шаруашылығы жануарларына ветеринариялық паспорт жеке беріледі. Көрсетілген қызметті алушының таңдауы бойынша ветеринариялық паспортты ұсақ мал мен шошқалар тобына (отарына) беруге жол беріледі.

Ветеринариялық паспорттың нөмірі осы Қағидалардың 3, 4, 5 және 5-1-тармақтарында көрсетілген ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөміріне сәйкес келеді.

Ұсақ мал мен шошқалар тобына (отарына) ветеринариялық паспорт беру кезінде ветеринариялық паспорттың нөмірінде осы Қағидалардың 3 және 5-тармақтарында көрсетілген ауыл шаруашылығы жануарларының тиісті түрінің жеке нөмірінің алғашқы төрт символы және топтағы (отардағы) ауыл шаруашылығы жануарларының саны көрсетіледі. Ветеринариялық паспортқа әрбір ауыл шаруашылығы жануарлары тобының (отарының) жеке нөмірлері енгізіледі.

34. Ауыл шаруашылығы жануарына жүргізілген ветеринариялық дауалау және диагностикалық зерттеулер туралы мәліметтер және ауыл шаруашылығы жануары туралы басқа да мәліметтер (ауыл шаруашылығы жануарының жынысы, түсі, жасы, қосымша белгілері) дерекқорға енгізіледі.

35. Ветеринариялық паспорт деректерін кейіннен жаңарту ветеринариялық іс-шараларды жүргізу, иесін ауыстыру, ауыл шаруашылығы жануарын бір әкімшілік-аумақтық бірліктен екінші әкімшілік-аумақтық бірлік аумағына орнын ауыстырған және басқа жағдайларда жүзеге асырылады.

36. Ауыл шаруашылығы жануарлары шығарылған кезде ветеринариялық паспорт ауыл шаруашылығы жануарының жаңа иесіне беріледі. Ауыл шаруашылығы жануары межелі пунктке келгеннен кейін ауыл шаруашылығы жануарының бар жеке нөмірі өзгертілмей, ветеринариялық паспорт ресімделеді.

Ұсақ мал мен шошқа тобының (отарының) бір бөлігі шығарылған кезде ұсақ мал мен шошқа тобына (отарына) қағаз нысанда ресімделген ветеринариялық паспорт болған жағдайда, жаңа иесіне ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме беріледі. Ұсақ мал мен шошқа межелі пунктке келгеннен кейін ауыл шаруашылығы жануарының бар жеке нөмірі өзгертілмей, ветеринариялық паспорт ресімделеді.

Тиісті мәліметтер дерекқорға енгізіледі.

37. Ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңында (сою бойынша алаң), сою пунктінде және етті қайта өндіру кәсіпорнында сойғаннан кейін сою алаңының (сою бойынша алаң), сою пункттері мен етті өңдеу кәсіпорындарының ветеринариялық дәрігерлері, ветеринариялық паспорттар мен ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге ар-

налған бұйымдарды (құралдарды) тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің жергілікті атқарушы органдары құрған ветеринариялық ұйымдарға тізімдеме бойынша береді, ал жеке тұтынуға арналған ауыл шаруашылығы жануарларын сойған кезде – иелері тапсырады.

38. Жануар өлген жағдайда, сондай-ақ осы Қағидалардың 29-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде ветеринариялық паспорттарды және ауыл шаруашылығы жануарын бірдейлендіруге арналған бұйымдарды (құралдарды) жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелеріне тиісті ақпаратты жолдай отырып, ветеринариялық ұйымдар жояды.

39. Қағаз нысанда ресімделген ветеринариялық паспорт жоғалған немесе бүлінген кезде осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен ветеринариялық паспорт беріледі. Қағаз нысанда ресімделген жоғалған, бүлінген ветеринариялық паспорттар ауыл шаруашылығы жануарларының иелері осы Қағидалар 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берген күннен бастап жарамсыз деп есептеледі.

39-1. Берілген ветеринариялық паспортта көрсетілген деректер (мәліметтер) өзгерген кезде көрсетілген қызметті алушының өтініші негізінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жаңа ветеринариялық паспорт беріледі.

40. Ұсақ мал (отарына), шошқа тобына ресімделген ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме алу қажет болған жағдайда көрсетілген қызметті алушы ветеринариялық ұйымға не портал арқылы сәйкес нысан бойынша өтініш ұсынады.

Ветеринариялық ұйымның жауапты қызметкері отыз минут ішінде өтінішті қарайды және осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірмені не осы Қағидаларға 6-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды береді.

Сонымен қатар ҚР «Ветеринария туралы» Заңы және Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығының талаптарын бұзған тұлғалар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 406-бап. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылатынын ескертеміз.

М. Рахимбеков, Абай облысы  
ветеринария басқармасының  
ШЖК «Облыстық ветеринариялық қызмет» КМК  
Жарма ауданы бойынша бөлімі.

ВСТРЕЧИ С НАСЕЛЕНИЕМ

## РЕШАЯ СЕГОДНЯШНИЕ ЗАДАЧИ, СТАВЯ ЦЕЛИ НА БУДУЩЕЕ



В течение минувшей недели прошли встречи исполняющего обязанности акима района Берика Терликбаева и акимов округов с жителями населенных пунктов Жармы. Во встречах, состоявшихся в поселке Жарма, Акжальском, Каратобинском, Бирликском, Кызылагашском, Капанбулакском сельских округах также приняли участие председатель районного маслихата Мейрхан Оспанбаев, руководители ряда учреждений акимата и самостоятельных отделов района.

С отчетами о проведенной работе по социально-экономическому развитию за истекший период и намеченными планами на текущий год выступили акимы территориальных единиц Д.Мухамедсадыков, О. Бекмолдин, Н.Зарбеков, Д.Касенов, А.Ансбаев. Согласно представленному ими анализу деятельности исполнительных органов на местах можно сделать вывод – присутствует обратная связь с жителями с их привлечением в обсужде-

ние насущных социальных и экономических вопросов, осуществляются благоустройство территорий, укрепление всей инфраструктуры, реализуются государственные проекты по улучшению качества жизни людей. В ходе встреч руководству района поступили обращения от сельчан, на которые здесь же были даны исчерпывающие разъяснения.

Встречи прошли в формате живого общения, что импонировало разновозрастной аудитории. Главой района была подчеркнута основная цель проводимых встреч, как его ознакомление с положением дел в населенных пунктах Жармы, далее озвучены рекомендации и поручения ответственным лицам по рассмотрению поступивших вопросов с целью найти наилучшие решения, отвечающим чаяниям людей села. Все предложения, пожелания были взяты на контроль и приняты в дальнейшую работу. Также перед гражданами выступили и ответили на их вопросы предста-

вители отделов - образования, земельных отношений, занятости и социальных программ, Жарминской районной больницы, сотрудники полиции и ветеринарной службы. В частности, весьма своевременны для населения района будут рекомендации заместителя начальника отдела полиции Д.Кунабаева по профилактике интернет-мошенничества.

Собравшиеся смогли задать свои подготовленные вопросы, внести предложения, отвечающие, по их мнению, интересам населения. Выяснилось, что достаточно острым в той или иной мере по-прежнему в ряде округов остается проблема электроснабжения ввиду износа воздушных линий электропередач, что подтверждается перебоями электричества при плохих погодных условиях, техническими неисправностями. В протокольные решения собраний были внесены такие важнейшие моменты, как имеющаяся проблема с сотовой связью и доступом к сети Интернет

шиной скорой помощи.

Особый акцент руководством района был сделан на вопросах улучшения внешнего облика населенных пунктов. В связи с этим, прозвучал призыв к деятельной реализации республиканской экологической инициативы «Таза Казахстан», подчеркнув важность вклад каждого в столь масштабное мероприятие, формирование патриотического самосознания. Ведь добрые традиции объединяют людей в стремлении сделать свои родные места чище и благоустроеннее, настраивают общественность на позитивный лад. По необходимости установок ограждений участков республиканской дороги было разъяснено, что решение вопроса возможно только при рассмотрении его с соответствующей поддержкой «Казавтожол» - национальным оператором по управлению автомобильными дорогами Республики Казахстан, других дорожных ведомств. В любом случае владельцам домашнего скота



